

/// ПРЕЗИДЕНТ

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ ОЗЫҚ ЖЕТІСТІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық медицина тарихында алғаш рет жасалған ота үшін хирургтерге алғыс айтып, А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығына құттықтау жолдады.

Ақорда мәлім еткендей, жуырда А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы еліміздің медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салатын аса күрделі операцияны сәтті өткізді. Президент белгілі хирург, профессор Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен жасалған бұл операцияны отандық медицинаның зор жетістігі ретінде бағалап, орталық ұжымына Алғыс хат жолдады.

— Мемлекет денсаулық сақтау саласын дамытуға баса мән береді. Бұл ретте көптеген іргелі бастама қолға алынып, ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде ұлттық медицина қарқынды дамып келеді. Сіздер жасаған бірегей операция — соның айқын дәлелі. Қазір еліміз өте күрделі трансплантациялық операция жасайтын әлемдегі алты мемлекеттің қатарына кіреді. Бұл жетістікке отандық мамандардың, соның ішінде өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңіз бен ерекше білімдеріңіздің, сондай-ақ теңдессіз тәжірибелеріңіздің арқасында жетіп отырмыз. Баршанызға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Болашақта да ұлт саулығын жақсарту үшін тынымсыз тер төгіп, халқымызға қалтқысыз қызмет ете бересіздер деп сенемін, — делінген Алғыс хатта.

«СБ» ақпарат

/// МӘЖІЛІС

КҮН ТӘРТІБІНДЕ — «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру барысы талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 2023 жылы 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Облыс әкімдігі жергілікті бюджеттен бөліген 118 млн 400 мың теңгеге мектептерге инфрақұрылым жеткізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, жұмыс толығымен аяқталды.

Сонымен қатар, мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыруға, жол салуға жергілікті бюджеттен 2 млрд 80 млн теңге қаралды. Қазір Қызылорда қаласындағы 1500 орындық мектептегі құрылыс жұмыстары 57 пайыз, екінші 1500 орындық мектептегі жұмыс 38 пайыз орындалған. Ал 600 орындық мектеп 64 пайыз, Арал ауданындағы 300 орындық мектептің құрылысы 63 пайыз біткен.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БАСПАСӨЗ — 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖІШС ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға — 4000 теңге; мекемелер үшін: 6 айға — 5000 теңге



1 Мамыр әлемнің алпыстан астам мемлекетінде әртүрлі мазмұнда тойланады. Ал 1996 жылы елімізде Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланғаны белгілі. Содан бері ол бейбітшілік пен келісім, бірлік пен достық секілді құндылықтар дәріптелетін маңызды мерекелердің біріне айналды.

Бүгінде ашық аспан, бейбіт өмір құшағында жүз отыздан астам этнос өкілдері береке мен тыныштықта, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатыр. Жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген қуатты құрылым — Қазақстан халқы Ассамблеясы. Өзінің отыз жылдығында ол қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған, қуатты тармақтары бар институтқа айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін жан-жақты дамыта алатынын, оған қажетті барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

— Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматқа бірдей мүмкіндік берілген. Бұл — нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл — мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл — мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік — Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқын-дайтын құндылықтар, — деді Президент.

Сыр өңірінде 30-дан астам этнос өкілдері тұрады. Олар облыстың экономика, мәдениет, спорт, білім, ғылым салаларының дамуына атсалысып, еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүр. Ал биыл Қызылордада жаңа «Достық үйі» салынып, жыл соңына дейін ел игілігіне табысталамақ. Бұл Ассамблеяның мерейлі жылына арналған Сыр өңірінің тартуы болмақ.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ МЕКЕНІ

Еліміздегі барлық этностардың шынайы келісім мен бірлікте тұрмыс кешуі қазақ халқының ата-дәстүрі мен кенейілдігі, бауырмалдылығы мен ұлттық ділінің кендігі екені белгілі.

Отыз жылдық белесті бағындырған Ассамблея ұйымы ел ішіндегі бейбітшілік пен бірлік идеясының берік нығаюына ерекше үлес қосуда. Тарих үшін қас-қағым кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің мықты тірегіне айналды. Оның басты миссиясы «Бір ел — бір халық — бір тағдыр» ұраны, ел ішіндегі татулық пен достықты насихаттау. Ырыс пен ынтымақ, бақыт пен байлық ел бірлігі, достығы бар жерде ғана болмақ. Бірлік пен келісімнің бірегей үлгісін көрсетіп

келе жатқан ұйым жемісті жобаларды жүзеге асырып келеді.

Қазақ — бауырмал халық. Сонау қиын кезеңдерде туған жері, елінен қоныс аударғандармен бір нанды бөліп жеп, бір атаның баласындай араласып-құраласып тіршілік етті.

Мен де Қызылорда қаласында өмірге келдім. Балалық шағым осында өтті. Мектеп бітіргеннен кейін Самарқандта білім алып, елге оралдым. Туған жерімді түлетуге атсалыстым. Қазіргі кезде зейнеткермін және өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісімін. Жас буынға ұлттық салт-дәстүрді білуге, отансүйіштіктің пен толеранттылық рухта тәрбиелеуге үлес қосудамыз.

Татулық пен бірліктің, ынтымақ пен

жасампаздықтың ордасына айналған Сыр бойында түрлі этнос өкілдері өмір сүріп келеді. 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Достық үйі» ашылды. Онда 11 этномәдени бірлестік бар. Өзбек этномәдени бірлестігі 1994 жылы құрылған. Содан бері жүйелі жұмыс істейді. Қоғамдық, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырып, түрлі бағыттағы акцияларға атсалысып келеміз. Мұндағы әрбір орталықтың жұмысы жылдан жылға жандануда. Біздің ең басты міндетіміз — туған елімізді шын жүректен жаксы көріп, құрметтеу.

Манзура АБДУГАФАРОВА,
облыстық өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісі



«МАСЛЕНИЦА» ҚАНДАЙ МЕЙРАМ?

Қазақстан – 120-дан астам этнос өкілдерінің құтты қонысы. Талайы тағдыр төлкегімен кезінде елімізге көшіп келіп, тұрақтап қалды. Қонақжай қазақ олардың бәрін бірдей бауырына басып, құшағына қысты. Қазіргі күні бейбіт шаңырақ астында қазақ, өзбек, орыс, украин, неміс, корей, ұйғыр, қырғыз, армян, грузин және өзгелер тату-тәтті өмір сүріп жатыр.



Этносаралық келісімнің үздік үлгісінің қалыптасуы себепті барлық этнос өкілдері бір-бірінің ұлттық мейрамдарын қуанышпен қабылдап, құрмет тұтады. Соның бірі – славяндардың «Масленица» мейрамы. Қысты көңілді шығарып салу, шұғылалы көктемді, табиғаттың жанаруын жылы қарсы алу мәніне не дәстүрлі мереке халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың белгісіне айналған. Славяндар ұлттық мерекесін дүйсенбіден жексенбіге дейін, яғни бір апта бойы тойлайды. Әр күннің өз атауы бар. Дүйсенбі – кездесу, сейсенбі – ойын-күлкі, сәрсенбі – тәттілер күні, бұл күні күйеу баласы қайын енесіне келеді. Бейсенбі көңілді думанға құрылады. Жұмада қайын енесі керісінше күйеу баласына құймақ жегуге барады. Сенбі – қонақ күту күні қайын сіңілері жиналып, колөнермен айналысады, ән айтады, бір-бірімен құпиясын бөліседі. Ал жексенбіге дөп келетін кешірім сұрау күні Наурыздағы адамдар өкпе-ренішін ұмытып, бір-бірін кешіретін Аман күніне ұқсайды. Облыстық «Славяне» этномәдени орталығы бұл мерекені 1999 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Биыл ол тәуелсіз Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен және 1 наурыз – Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келіп, кең көлемде аталып өтті. Шара барысында «Достық үйіне» келген қонақтар мерекеде әзірленетін басты тағам – құймақтан дәм татты. Бірлестік мүшелері ұлттық әні мен биінен шашу шашты.

Біз жыл сайын мерекені асыға күтеміз. Бұл күні міндетті түрде құймақ әзірленеді. Ол пішіні жағынан күнге ұқсайды. «Масленицаның» өзі күннің жылуын шақыру дәстүрімен байланысты. Бұл мерекенің түп-тамыры праславян кезеңінен бастау алады. Сондай-ақ «Масленицада» өткізілген рәсімдер көктемнің қысты жеңуіне ықпал етеді деген сенім қалыптасқан, – деді облыстық «Славяне» қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Галина Шербакова.

«Масленицаның» ерекшеліктерінің бірі – сабаннан жасалған, матадан тігілген қуыршақтарды өртеу рәсімі. Адамдар осылайша ескі жылды шығарып, ескі нәрселерден арылады екен.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Наталья МИШУКОВА:

ДОСТЫҚ – ӨМІР САЛТЫМЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан халқы Ассамблеясы 30 жылда бірлік пен ынтымақтың, тұрақтылық пен тыныштықтың символына, қоғамдық келісім мен ұлтаралық үйлесімділіктің мызғымас тірегіне айналды. Бұл мерейлі белес – ел бірлігі мен татулығының, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің жарқын көрінісі. Мереке қарсаңында «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал төрағасы Наталья Мишуковамен сұхбаттасып, өңірдегі этносаралық достықтың маңызы, Ассамблеяның рөлі туралы әңгімелескен едік.



– **Наталья Валентиновна, елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы жылы сайын өткізу дәстүрге айналды. Жуырда ғана XXXIV сессияға қатысып келдіңіз. Сіздің ойыңызша ҚХА сессиясының маңызы қандай? Алған әсеріңізді бөлісеңіз...**

– Иә, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына қатысу – мен үшін үлкен құрмет. XXXIV сессияның маңызы ерекше болды. Бұл – түрлі этнос өкілдерінің ел бірлігі жолындағы ой-пікірлерін ортаға салатын маңызды диалог алаңы. Жиын барысында көтерілген мәселелер мен ұсыныстар қоғамымыздың тұрақтылығын одан әрі нығайтуға бағытталған. Маған ерекше әсер еткені – әр өңірден келген азаматтардың мемлекетімізге деген шынайы жанашырлығы мен бірлікке шақырған үндері. Осындай алаңдар ел ішіндегі татулықты тереңдетуге зор мүмкіндік береді. Сондай-ақ Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты бір, азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мәселен, ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалыса, «Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жана толқын» сияқты құрылымдар жастарымызды бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілікке баулуға. Бұл ҚХА-ның ел бірлігін сақтаудағы ерекше институт екенін көрсетіп отыр.

– **Сессия аясында нақты мәселелерге арналған пікірталас өткенін білеміз. Мемлекет басшысы үнемі этносаясатта жандандық және аймақтық үдерістер ескерілуге тиіс екенін айтып жүр. Осы ретте этносаралық саясатты ұдайы жетілдіріп отыру үшін қандай қадам жасалау керек?**

– Этносаралық қатынастар мәселесі – әрдайым назарда болуға тиіс стратегиялық бағыт. Бұл салада тұрақты даму мен үйлесім болуы үшін ең алдымен білім беру мен мәдениет саласындағы жобаларға көңіл бөлінуі қажет. Әрбір азамат Қазақстанның тең құқықты мүшесі екенін сезінуі керек. Сонымен қатар, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, нақты әлеуметтік зерттеулер жүргізу де маңызды. Әсіресе жастармен жұмыс істеу, оларды қазақстандық патриотизм мен этносаралық сыйластық рухында тәрбиелеу – басты басымдықтардың бірі болуы керек деп есептеймін. Елімізде ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік

саясаттың басты бағыттарының бірі болғандықтан, Президент айтып өткендей, достық, келісім ұғымдары құр ұран емес, азаматтарымыздың күнделікті өмір салтына айналатын құндылық болатынына сенемін.

– **Елімізде көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасалауда. Мемлекеттік тілді меңгеру мәңгідегі сөздің көзқарасыңыз...**

– Мемлекеттік тілді білу – бұл тек талап емес, үлкен мүмкіндік. Тілді меңгеру арқылы адам елдің тарихын, мәдениетін, рухын түсінеді. Президентіміз айтқандай, бұл бағытта жүйелі әрі қолжетімді тетіктер қажет. Меніңше, қазақ тілін оқыту әдістемелерін заманға сай жетілдіріп, практикалық тілдік орта қалыптастыру – нәтижелі қадамдардың бірі. Әр азамат өз еркімен, ниетпен, қызығушылықпен тіл үйренуге ұмтылса, үлкен жетістік болар еді. Біз біртұтас ұлт боламыз десек, бәріміз бір мақсатқа қызмет етуіміз керек.

– **Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі болғалы өңіріміздің дамуына үлес қосып келесіз. Өңірдегі татулық пен бірлік мәселесіне тоқталып өтсеңіз...**

– Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі ретінде Қызылорда өңірінде қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту бағытында жұмыс істеп келемін. Біздің аймақ – этносаралық татулық пен түсіністіктің үлгісі. Түрлі этнос өкілдері бірлесе еңбек етіп, ортақ мақсатқа жұмылып келеді. Бұл – ел ішіндегі тұрақтылықтың басты кепілі. Біз әрбір бастамамызды бейбітшілік пен бірлікті сақтау негізінде жүзеге асырамыз. Өңірлік жобалар, форумдар мен мәдени іс-шаралар барлығы дерлік осы бағытқа қызмет етеді.

– **Мерейтойға арналған тілегіңізді тыңдасак...**


– Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – бұл еліміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың мерекесі, егемен еліміздің тарихындағы айтулы оқиға десем болады. Осы мерейтоймен барша қазақстандықтарды шын жүректен құттықтаймын! ҚХА-ның қызметі әрдайым табысты болсын, бірлік пен бейбітшілік жолындағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын тауып, ел игілігі жолындағы еңбегіміз жана берсін. Ел ішіндегі ынтымақ пен өзара түсіністіктің артуына тілекшімін!

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



ТЕРЕҢНЕН НӘР АЛҒАН ТАТУЛЫҚ



Вилорий Шин бір жасында ата-анасымен Сыр өңіріне депортацияланады. Әке-шешесі ату жазасына кесіліп, олардан ерте айырылды. Жергілікті халық бауырына басып, жетімдіктің дәмін татқызбайды. Кең жүректі қазақтың дарқандығы мен жомарттығы өзге елді жатысуға мүмкіндік бермеді. Қазір өсіп-өніп, тоқсанның төріне озған ол үлкен әулеттің ақсақалына айналған. Екі ұлынан өрбіген төрт немере, он шөбересі бар.

– Қазақ жеріне қалай келгеніміз есімде жоқ. Ол кезде небәрі бір жастағы сәби едім. Шамамен 1937 жыл болу керек. Қиын-қыстау уақытта қазақ халқы пана болды, ата-анамның жоктығын сездірмей ыстық құшағына басты. Ата-әжем мен немере ағамның қолында тәрбиелендім. Жас кезімнен спортты жақсы көретінмін. Спорт ұстаз атануыма үлкен септігін тигізді. Қазалы ауданындағы №16 мектептің денешынықтыру, кейін тарих пәнінің мұғалімі болдым. Білім ордасында бірнеше жыл еңбек етіп, он бес жылдай башшылық қызмет жасадым. Негізінде корей болғаныммен, өз тілімді жете білмеймін. Қазақ, орыс тілдерінде сөйлеймін.

Мен – қазақ елінің патриотымын. Патриотизм деген ұғымды баланың бойына саби кезінен сіңіру керек. Ол үшін бала кішкентай кезінен өзінің отбасын, ауылын, білім алған оқу ордасын, оны тәрбиелеп-өсірген ата-анасы мен ұстаздарын шын ниетпен, жүрегімен сүйіе. Сонда ғана адам нағыз патриот бола алады. Жалпы өмір жолымадағы жеткен жетістіктерім үшін қазақ еліне, оның қонақжай халқына басымды иіп өтем. Біз қазақ халқына борыштармыз, – дейді ол.

Иә, қазақ кең пейіл мен құшағына қанша жанды сыйдыра білді. Бүгінде елімізде 100 мыңнан астам корей этносы өмір сүруде. Ал Сыр өңірінде 8 мыңға жуық корейлер тату-тәтті, бірлік пен ынтымақта құмыр кешіп келеді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қиын-қыстау уақытта Қазақстанды паналаған түрлі этнос өкілдері сол бір зобаланнан аман қалып, бүгінде қанатын кенге жайды. 1937 жылы 21 тамызда Кремльдің құпия қаулысы бойынша корей этносының өкілдерін Қазақстанға депортациялау басталды. Қиыр Шығыстан 90 эшелонмен 20789 отбасы немесе 98454 корей этносының өкілі қоныс аударды. Олардың қатарында корей халқының батыры Хон Бом До, жазушы, ағартушы Ге Бон У, II дүниежүзілік соғысының батыры Александр Мин, еңбек майданшасы Цай Ден Хак және тағы басқалары болды.

Корей халқы әлімсақтан өзінің еңбекқорлығымен, табандылығымен танылған. Кең-байтақ қазақ жерінде талмай тер төгіп, тамырын тереңге бойлатқан, мәуелі бәйтерекке айналды. Қоныс аударушылар қазақ халқына, еліне, жеріне ризашылықпен еңбек етті. Атап айтқанда, олар күрші өсіруде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Шиелі ауданынан 29 тек «Ақмая» ауылынан 16 Еңбек ері шықты, мұндай деректер республика бойынша өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, 1937 жылы Қызылордада тұнғыш корей театры ашылып, «Ленин кичи» басылымы жарық көрді. Корей этносы қазақ жерінен өздеріне жайлы орта тауып, өсіп-өнді. Қазір де барлық саланың өркендеуіне үлес қосуда.

Биыл Корейлердің Қиыр Шығыстан қазақ жеріне күштеп қоныс аударылғанына 88 жыл. Ал «Қазақстан корейлер қауымдастығы» облыстық қоғамдық бірлестігі 1989 жылы 28 қазанда құрылды. Қызылордада корейлер ассоциациясының алғашқы төрағасы облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Евгений Хан болды. Оның бастамасымен тіл оқытатын жексенбілік мектептер ашылып, онда корей зиялылары сабақ берді. Ал қазір ассоциацияны Елена Ан басқарауда.

– Корей этномәдени бірлестігінде ана тілін, дәстүрлі өнерді үйренуге, жас ұрпаққа мәдени құндылықты сіңіруге, өңірдегі этносаралық достық пен келісімді нығайтуға үлкен көңіл бөлінеді. Жыл сайын «Сольналь» мейрамы атап өтіледі. Ассоциация шығармашылықты дамытуға зор мән береді. Бірнеше шығармашылық ұжым жұмыс істейді. «Самульнори» – корейдің соқпалы аспаптарында ойнайтын бірегей ансамбль. «Кым Сори» вокалдық тобында ассоциацияның талантты мүшелері мерекелерде корей әндерін орындайды, – дейді ол.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, алдыңғы жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен Қорқыт ата университеті мен Сеул Ұлттық Ғылым және технология университеті арасындағы келісім бойынша жасанды интеллект институты ашылды. Аймақ басшысы өңірде осы жобаны табысты іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетіп, Ғылым және жоғары білім министрлігінен 100 грант бөлініп, алдағы уақытта білім алушылар қос диплом бағдарламасын жүзеге асырмақ. Бұл мамандықтарды игеру арқылы өңіріміздің жастарына IT саласындағы барлық мүмкіндіктерге жол ашылады. Сондай-ақ аймақ басшысы Кореяға іссапарында өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты екіжақты тиімді келіссөздерге қол жеткізді.

Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы, генерал Хон Бом До атындағы бірлестіктің төрағасы У Вон Шиктің қатысуымен Сыр өңірінде Корей халқының батыры, генерал Хон Бом До мен жазушы, ағартушы Ге Бон Уға құрмет көрсетіліп, мемориалдық кешені салтанатты түрде ашылды.

Қазақ және корей халқы арасындағы туыстық, бауырмалдық қатынастар одан әрі нығайып, нәтижелі жұмыстар жүйелі түрде жалғаса бермек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БІРЛІКТІ БЕКЕМДЕЙ ТҮСКЕН БІРЕГЕЙ КЕШЕН

Былыр Сыр өңірінде «Руханият жылы» жарияланып, түрлі әлеуметтік нысандар салынды. Әсіресе, мәдениет саласына үлкен қолдау көрсетілді. Айтулы жылдағы ең басты жетістік – облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тың бастамасымен аудандарда құны 11 млрд 500 млн теңге болатын «Руханият орталықтары» құрылысының жүруі.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қармақшы ауданында алғашқы орталық ел игілігіне табысталды. Биыл жыл басында Шиелі, Жаңақорған Жалағаш, Сырдария аудандарында ашылды. Бұл ғимараттар аймақ халқына үлкен қуаныш сыйлады. Орталықтарда ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар үйі жұмыс істейде.

Өртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа біріктіру арқылы бюджет қаражатын тиімді басқару, әкімшілік шығындарды азайту мақсатында бой көтерген жана нысан мәдени, рухани, тарихи ұйымдарды біріктірген бірегей кешен екені сөзсіз.

Түрлі этнос өкілдерінің ынтымақ пен бірлігінің бекем болуына қызмет ететін қоғамдық келісім мекемесінің кабинеттері де осы орталықтарда орналасқан. Олар түрлі мәдени-рухани көпшілік шараларға ұйытқы болып келеді. Мәселен, Жаңақорған ауданында түрік, орыс, корей, өзбек, татар, шешен, неміс, украин, әзербайжан, ұйғыр, жалпы 17 этнос өкілі тұрады.

Аудан бойынша Жаңақорған кенті, «Төменарық» және

«Қожақент» ауылдық округтерінде негізгі этнос өкілдері көптеп шоғырланған. Олардың басым көпшілігі жеке кәсіпкер. Білім беру, денсаулық сақтау, спорт салаларында, ірі кәсіпорындарда, еңбек ұжымдарында қызмет атқарып, ауданның қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік өміріне белсене араласады. Былыр этносаралық қарым-қатынас пен ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қактығыстардың алдын алу

мақсатында 40-тан астам шара ұйымдастырылып, 300-ден аса адам қамтылды. Ал биыл қантар айында Жаңақорған аудандық кітапханасында медиация және этномедиация бағыттары насихаттау мақсатында «Мұқалмас» РҚБ облыстық филиал төрағасы, облыстық ҚХА жанындағы этномедиация кеңесінің мүшесі А.Баймұратов ауда



тұрғындарымен кездесті. Ақпанда «Руханият орталығының» мәжіліс залында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық ақпараттық түсіндіру тобы мүшелерінің «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» тақырыбында Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің жұмысшы мамандық студенттерімен кездесуі өтті. Сәуірде аудандық Қазақстан халқы Ассамблеясы ақсақалдар кеңесінің отырысы болды. Құн төрттінде ұлтаралық қарым-қатынастар мен саяси ахуал жайлы мәселе қаралды.

Қоғамдық бірлік пен тұрақтылықты қалыптастыру, этносаралық қатынастарды дамыту бағытында ұйымдастырылған шаралар мен кенес отырыстары интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында және «Жаңақорған қоғамдық келісім» паракласында тұрақты түрде жарияланып, насихатталып отырады, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық келісім мекемесінің Жаңақорған ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы Асхат Ильясов.

Ауданда этнос өкілдерінің арасында өзара достық қарым-қатынас орнаған, саяси ахуал тұрақты.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚАЛАМҒЕРЛЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Қазақстан Жазушылар одағының дәстүрлі әдеби жыл қорытындысы өтті. Екі күнге жоспарланған жиын одақтың «Әдебиетшілер үйінде» ашылды. Жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов ашып, қазақ әдебиетінің бүгінгі тынысы мен шығармашылық үдерістегі өзекті мәселелерге тоқталып, қалам ұстаған қауымға шығармашылық шабыт тіледі.

Әдеби жиын барысында әр жанр бойынша мазмұнды баяндамалар жасалып, әдебиеттің көкейтесті мәселелері жан-жақты талқыланды. Жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов

жүргізді. Рухани басқосуға еліміздің түкпір-түкпірінен келген қаламгерлер мен Жазушылар одағының аймақтық өкілдері қатысты.

Дәстүрлі жиында өткен жылы жарыққа шыққан кітаптар мен әдеби басылымдарға баға берілді. Бұл

орайда поэзия, проза, орыс әдебиеті, детектив жанры, балалар әдебиеті, деректі проза, шетелдегі қазақ әдебиеті, әдеби сын кеңесі сияқты түрлі жанрлар бойынша баяндамалар жасалды. Күн тәртібіне сай жарысөзге кезек беріліп, ұсыныс-пікірлер айтылды.

Жиынның қорытынды сәтінде бірқатар қалам иелеріне Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы, «Қазақстанның Құрметті жазушысы» атағы, сондай-ақ «Сәуле-Қуяш» жа-

не Абдужаппар Деләтов атындағы республикалық әдеби сыйлықтары табысталды. Қазақстан Жазушылар одағына жаңадан қабылданған қаламгерлерге одақтың мүшелік билеттері тапсырылды. Сондай-ақ балалар әдебиетін қолдау бағытында жаңадан бекітілген «Ертістік» әдеби сыйлығының ережесін таныстыру сияқты іс-шаралармен жалғасты.

Жалпы әдеби жыл қорытындысында қазақ қаламгерлерінің бүгінгі беталысын бағамдай отырып, шығармашылыққа серпін беретін жаңаша бағытты айқындауға, заман талабымен үндестігін тың жобаларды ұнатпандыруға басымдық берілді.

Жиынға Сыр өңірінен Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, ақындар Тольбай Абылаев, Елубай Әуезов, сатирик-жазушы Нұрмахан Елтай қатысты.

Сыр бойы қаламгерлері үшін қуанышты жаңалық, өткен жылы 7 бірдей кітабының тұсауы кесілген аркалы ақын Елубай Әуезов Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді.

Ал Жұмабай Жақып, Серікбай Қошқаров, Еркін Әбілов, Бейбітбек Бүркітбаев, Ерғали Абдуллаев, Тұрақ Ахетов, Сәкен Алдашбай және Сандыбай Піржан Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында өткен жиында Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иегері Қаршыға Есімсейітова жыл қорытындысына арналған басқосула қаралған мәселелер мен қабылданған шешім жайлы айтып өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағының жаңа мүшелеріне куәлік табыс етті.

Айта кетейік, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Қазақстанның Құрметті жазушысы» атағы облыстан белгілі қаламгерлер Махмұтбай Әміреев, Сайлаубай Жұбатырұлы, Бегімбай Ұзақбаев және Қаршыға Есімсейітоваға берілді.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПАРТАКИАДА МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Қызылорда қаласында психикалық денсаулық орталықтарының бас дәрігерлері мен қызметкерлерінен құралған командалар арасында волейболдан республикалық спартакиада өтті.



Салауаттыөмірсалтыннасихаттау және психикалық денсаулық сақтау мекемелері арасындағы өңіраралық өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұйымдастырылған жарысқа Алматы, Орал, Петропавл, Түркістан, Қарағанды, Павлодар, Жетісу, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Тараз, Шымкент және Қызылорда қаласынан 13 команда қатысты.

Екі күнге созылған тартысты сайыс қорытындысында Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының волейбол командасы І орынды жеңіп алды. ІІ орынды Түркістан, ІІІ орынды Орал қаласының командалары иеленді. Сондай-ақ жарыста үздік ойын көрсеткен жекелеген спортшылар да атаулы номинация бойынша марапатталды. Атап айтсақ, Тараз қаласының қатысушысы Құндыз Қуанышева «Үздік қорғаушы» номинациясымен марапатталса, «Үздік байланыстырушы» номинациясын Шалқар Бектемір, «Үздік шабуылшы»

номинациясын Атырау қаласының қатысушысы Марат Бегалиев және «Үздік ойыншы» номинациясын Түркістан қаласының қатысушысы Сабырқожа Исмаилов иеленді.

Республикалық турнирдің жабылу салтанатында ҚР бас психиатры Алтынай Ескалиева мен «Психиатрия саласында істейтін мамандар қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Сағат Алтынбеков жеңімпаз командалар мен ойыншыларды медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Айта кету керек, «Психиатрия саласында істейтін мамандар қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған бұл республикалық спартакиада биыл екінші рет өтіп отыр, бұған дейін Тараз қаласында болған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ә	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қаюпов Руслан Мұхамедәліұлы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс І	60-53-19
2	Қамбаров Артур Раушанбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма 16.00-18.00		60-53-27
3	Ибраев Уалихан Серікұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Бейсенбі 16.00-18.00		60-53-17

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының басшылығы мен еңбек ұжымы компанияның күрделі құрылыс және сыртқы байланыстар жөніндегі вице-президенті Қожаниязов Серік Салаватұлына қарындасы **Қожания Эльмира Салаватқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.



Сурет ашық жағдайда

265 ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМА БҰЗҒАН

Халықаралық көші-қон ұйымының (ИОМ) мәліметінше қазір дүние жүзінде шамамен 281 миллион мигрант бар. Әлемде орта есеппен 30 адамның біреуі туған елінен жырақта өмір сүріп жатыр. Дүние жүзінде әйелдерге қарағанда ер мигранттар басым және бұл алшақтық ұлғайып барады. Ал олар қай елде көп деген сураққа келсек, БАӘ, Катар, Кувейтте халықтың жалпы санынан әлдеқайда артық. Қазақстанда мигранттар 20 пайызды құрайды екен.

Ұйым Ресей мен Украина, сондай-ақ Ресей мен Қазақстан арасындағы көші-қон ағынын ерекше атап өткен. Африка елдері де мигранттардың келіп-кету бағытына айналған. Халықаралық мигранттардың 40 пайыздан астамы – Азия, 20 пайызы – Үндістан, Қытай, Бангладеш, Пәкістан, Филиппин, Ауғанстан азаматы. Ал көші-қон донор елдерінің әлемдік рейтингінде Үндістан, Мексика, Ресей алғашқы үштікті бастап тұр. Сонымен қатар ИОМ мигранттардың Мексикадан АҚШ-қа, Сириядан Түркияға, Үндістаннан Араб елдеріне, Ресейден Қазақстанға ағылатынын айтады.

Елдегі дерекке келсек, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылы келгендер саны 29282, кеткендер 12732 адам болыпты. Көші-қон айырымы –

16550 адам. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда келгендер саны 15,3%-ға өссе, кеткендер 20,9%-ға азайғанын көрсетеді. Негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттері арасында жүреді. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 81,6%, ал оған кеткендердің үлесі 74,8%.

Өңіраралық көші-қон бойынша еліміздің 4 өңірінде Астана (73238 адам), Алматы (36061 адам), Шымкент (9361 адам) қалаларында және Алматы облысында (2639 адам) халықтың көші-қонының оң айырымы қалыптасқан.

Облыстағы көші-қон саласында қандай істер атқарылуда? Бұл туралы облыстық ПД көші-қон басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Сағындық Қамитбековтен сұраған едік. Жалпы осы бағытта 8 мемлекеттік қызмет көрсетілетін болса, оның

90% электронды түрде. Жыл басынан 25516-сы мемлекеттік, оның 25272-сі электронды түрде, ал 244 қағаз түрінде қызмет көрсетілген.

– Қазіргі таңда, республика аумағында тұрақты тұру, елден тыс жерге тұрақты кету өтініштері, еңбек етуге көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту, шетелдіктерді елімізде уақытша тіркеу жұмысы халыққа қызмет көрсету орталығы (ЦОН) арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, биыл облыс аумағына 4167 шетел азаматы уақытша тіркеуге алынса, оның 4093-і – ТМД елдерінен, ал 74-і – алыс шетелдерден келгендер. Көші-қон процесіне талдау жүргізу және бақылау орнату ішкі істер органдарына жүктелгендігіне байланысты облыс көлемінде үнемі жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізіледі, – деді.

Жыл басынан жалпы 432 құқықбұзушылық анықталған. Оның ішінде көші-қон заңнамаларын бұзған 265 шетелдік анықталып, 110 азамат әкімшілік жолмен республика аумағынан шығарылды. Шетел азаматтарын уақытша тіркеуді қамтамасыз етпеген 167 адамға әкімшілік шара көрілді.

Қазір құрылыс маусымы басталғандықтан, олар жұмыс істеу үшін облысқа көптеп келуде. Алайда шекарадан өтерде келу мақсатын жасырып, ереже бұзады. Мигранттардың басым бөлігі – Өзбекстан азаматтары. Еңбек мигранттары көбіне құрылыс, ауыл және үй шаруашылығында жұмыс істейді.

Облыста тұрақты тұрып жатқан 382 шетелдік бар, оның алыс шетелдерден келгені – 39, ТМД елдерінен – 343, этникалық қазақтар – 82. Өтініш білдірген 10 азаматтың іс-құжаты қабылданып, ҚР азаматтығын алды, 21 мың азаматтың жеке басын растайтын құжатты рәсімделген. Оның ішінде, мүмкіндігі шектеулі және зейнет жасындағы, көпбалалы аналарды, мүгедектерді қуажаттандыру үшін көші-қон қызметінің және ХҚКО-ның арнайы тұрғылықты жері бойынша үйлеріне баратын мобильді топтың жұмысы ұйымдастырылуда. Бүгінгі күнге барлығы 70-тен астам облыс тұрғыны қуажаттандырылып, оларға табысталды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы №593 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын

жұмыс бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы №593 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4330 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

/// МАМЫРДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Жедел жәрдемнің жұмыс тәртібі

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарламасына қарағанда, 1 мамырдан бастап мобильдік бригадалардың жұмыс тәртібі өзгереді. Дегенмен жедел жәрдем қалыпты режимде жұмыс жасай бермек. Бұл туралы «Қазақпаратта» жазылған.

Жедел жәрдемнің келуін ұзақ күтушілер айтқан шағымдарға байланысты әрі шұғыл қызмет жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында емханалар жанындағы жеделділіктің 4-санатындағы шақыртуларға қызмет көрсететін мобильдік бригадалар жұмысының қағидаларына өзгерістер енгізіп отыр.

Жеделділіктің 4-санатындағы шақыртулар пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және ықтимал қауіп жоқ, пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін, бірақ медициналық араласуды қажет ететін жағдайларға қатысты.

Сонымен, 1 мамырдан бастап емханалар жанындағы мобильдік бригадалар жұмыс уақытында, яғни 8:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Өмірге қауіп төндірмейтін жеделділіктің 4-санатындағы шақыртулар (мысалы, жоғары қысым, температура, жеңіл жарақаттар) емханалардың жұмыс уақытында МСАК мобильдік бригадаларына қайта бағытталады. 20:00-ден кейін және демалыс күндері барлық шақыртуларға, соның ішінде 4-санатқа, бұрынғыдай, жедел жәрдем бригадалары қызмет көрсетеді.

Мобильді телефондарды міндетті тіркеу

Елімізде мобильді телефондарды міндетті тіркеу 2025 жылдың 26 мамырына дейін ұзартылған болатын. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің хабарын «Қазақпарат» жариялаған.

Еске салсақ, осы жылдың 25 наурызынан бастап, Қазақстанға әкелінген барлық мобильді құрылғы GSMA халықаралық базасында және мемлекеттік жүйеде міндетті верификациядан өтуі тиіс.

Бизнес өкілдерімен бірнеше кездесу өткізілгеннен кейін қосымша 60 күн уақыт беру туралы шешім қабылданып, Бұл импорттаушылар мен сатушыларға бұрын әкелінген, бірақ әлі сатылмаған құрылғыларды тіркеуге мүмкіндік берілді. Осылайша, бизнеске барлық мобильді құрылғыны тіркеу үшін тағы екі ай берілді. Құрылғыларды <https://kz-imei.kz/> порталында заңдастыру қажет. Верификациядан өтуге 60 күн берілді. 2025 жылдың 26 мамырынан бастап заңдастырылмаған құрылғылар мобильді байланысқа қосылу мүмкіндігінен шектеледі, делінген хабарламада.

Жаңа әуе рейстері

Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті тұрақты негізде жаңа халықаралық әуе бағыттарын ашу жұмыстарын жүргізуде. Осылайша, 27 мамырдан бастап «SCAT» әуе компаниясы «Шымкент – Будапешт», «Шымкент – Мюнхен», «Шымкент – Каз», «Шымкент – Шанхай», «Шымкент – Сеул», «Шымкент – Сиань», «Шымкент – Үрімші» жаңа халықаралық бағыттарын ашпақ.

«Air Astana» әуе компаниясы да 14 мамырдан бастап «Астана – Дананг», «Атырау – Тбилиси», «Алматы – Ош», «Атырау – Баку» бағыттарына қатынайды.

«Qazaq Air» әуе компаниясы 1 мамырдан бастап «Астана – Түркістан – Самарканд» жаңа халықаралық бағытын аптасына 2 рет жиілігімен іске қосады. «Fly Arystan» әуе компаниясы 18 мамырдан «Алматы – Инин» бағытына қатынай бастайды.

Сондай-ақ «Eastar Jet», «TWay», «Spice Jet», «Air Cairo», «Thai Air Asia X» сияқты бірқатар шетелдік әуе компаниясы Қазақстан Республикасына жаңа рейстер ашуда.

**Ақпарат көздерінен дайындалған
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.